

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы

Педагогикалық әдеп кеңесінің жаңа мүшелерін тағайындау

(педагогикалық әдеп кеңесі)

2023-2024

2023–2024 оқу жылының басталуына орай, Педагогикалық Әдеп кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл өзгерістер мектеп ұжымындағы кадрлық ауыс-түйістерге, кейбір мүшелердің еңбек демалысына шығуына немесе басқа қызметке ауысуына байланысты жүзеге асырылуда.

Педагогикалық Әдеп кеңесі – білім беру ұйымындағы педагогтардың кәсіби этикасын сақтауын қамтамасыз ететін, олардың мәртебесін қорғауға бағытталған маңызды құрылым. Кеңес мүшелерінің құрамы балабақшаның ішкі тәртібі мен педагогикалық ахуалына тікелей әсер етеді. Сондықтан кеңеске жауапты, әділ, беделді және ұжымда сыйлы педагогтарды тарту – басты міндет.

Жаңа мүшелерді ұсыну негіздері:

- Педагогикалық әдеп нормаларын терең меңгеруі;
- Ұжымда беделге ие болуы;
- Тәрбиелік және ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болуы;
- Әділдік пен бейтараптық принциптерін ұстануы;
- Кеңес жұмысына белсенді қатысуға дайын болуы.

Ұсынылатын жаңа мүшелер:

- Жакова Ж – тәрбиеші

Ұсынылған педагог жоғарыда аталған критерийлерге сай келеді және кеңес жұмысына белсенді атсалысуға ниетті.

Қорытынды:

Жаңа оқу жылында Педагогикалық Әдеп кеңесінің жұмысы сапалы әрі нәтижелі болуы үшін құрамды жаңарту – уақыт талабы. Ұсынылған кандидаттарды кеңес мүшелері дауыс беру арқылы бекітсе, балабақша меңгерушісінің бұйрығымен ресми

түрде тағайындалады.

Ұсыныс: Жаңа мүшелерді кеңес құрамына енгізу туралы шешімді қабылдап, хаттамаға тіркеу.